

## ???????????

АНА ДЕСЕ ҚҰЛАҒЫМА БІР ҒАЖАП ҮН, СИҒЫР ЕНГЕНДЕЙ. БОЙЫМ ДА ЖЫЛЫП САЛА БЕРЕДІ. КӨП АДАМНЫҢ ІШІНЕН АНАҒЫЗДЫҢ ДАУСЫ САҢҚ ЕТСІНШІ НЕМЕСЕ ТАЛЫП ЕСТІЛСІНШІ, ОҒАН ДЕЙІН НЕМКЕТТІ ТҰРҒАН ЖАНҰШЫРЫП ЕЛЕНДЕЙ БАСТАЙСЫЗ. АНАҒЫЗДЫ ІЗДЕП ТАППАЙ ҚОЙМАЙСЫЗ. ӨЙТКЕНІ АНА СІЗДІ ТАПҚАН, СІЗДІ ҒАНА ЕМЕС – КҮЛЛІ АДАМЗАТТЫ ДҮНИЕГЕ ӨКЕП, БЕСІГІНДЕ ТЕРБЕТКЕН.

Жыл он екі айдың басы, мезгіл біткеннің жаңасы, маусым біткеннің дарасы көктемнің алғашқы мерекесі аналарға арналады. Әлем қателеспепті ендеше. Ана деген атаудың екінші аты мейірім мен шуақ емес пе? Көктем туа әлем жаңарады, алты ай қыс ақ көбіннің астында қалған тіршілік қайта жанданады, жыл келеді жер бетіне, жылдың келгенін дүниеге жар етуге әуелі адам келуі керек қой. Анасыз адам келе ме өмірге?! Анасыз өмір бастала ма? Анасыз тіршілік жаңара ма? Сіз бен бізді, ұл мен қызды Тәңірі ананың құрсағына салып сақтаған, бауырына салып өсірген, аялы алақанына салып мейірімге бөлеген. Ана бойынан, ана жүрегінен өнген мейірім мен махаббатқа қарсы тұрар күш жоқ жер бетінде. «Ана бір қолымен бесікті тербесе, бір қолымен әлемді тербетеді» деген сөздің жаны осы тұстан көрінетін сияқты. Демек, алты ай қыстың тоны жібіп, көбесі сөгілерде туатын 8 наурыз – әйелдер мерекесінен сүйкімді мейрам жоқ.

Әлемдік жаңару белгісінің бәрі осы күннен басталады. Ескі танымда ақпан туа ұт түседі дейтін. Содан кейін барып құт түсетіні айтылатын. Үт дегеніміз қыстың соңғы айының ортан белінен былай терезеден түсетін күн сәулесінде жүзетін тозаң тәрізді ұшқын. Тәңірінің көктем түсірген осындай ымдауынан кейін келетін атаулы күн – аналар мерекесі. Басқа атаулы күн жоқ. Содан кейін барып 13-нен 14-не қараған күні ескіше наурыз туып, амал кіреді. Әйелдің төбесі көрінбей әлемде мейірім мен шуақ та жоқ деген сөз. Сондықтан дәл осы күннің

Әлемдік жаңару белгісінің бәрі осы күннен басталады. Ескі танымда ақпан туа ұт түседі дейтін. Содан кейін барып құт түсетіні айтылатын. Үт дегеніміз қыстың соңғы айының ортан белінен былай терезеден түсетін күн сәулесінде жүзетін тозаң тәрізді ұшқын. Тәңірінің көктем түсірген осындай ымдауынан кейін келетін атаулы күн – аналар мерекесі. Басқа атаулы күн жоқ. Содан кейін барып 13-нен 14-не қараған күні ескіше наурыз туып, амал кіреді. Әйелдің төбесі көрінбей әлемде мейірім мен шуақ та жоқ деген сөз. Сондықтан дәл осы күннің

## Мәдениет

ӨСЕМ, НӨЗІК, СЕЗІМТАЛ – ОНЫҢ КҮЛКІСІ БҮГІНДЕ ДЕ КӨЗ ҚАРЫҚТЫРАДЫ. ХАЛЫҚТЫҢ СҮЙКІТІСІНЕ АЙНАЛҒАН, ӘЙЕЛ ЗАТЫНЫҢ НӨЗІКТІГІНІҢ ЭТАЛОНЫ, ОТБАСЫЛЫҚ ӨМІРДЕ ҮЛГІ БОЛАРЛЫҚ ЖАН – БҰЛ МЕРУЕРТ ӨТЕКЕШОВА ТУРАЛЫ.

Сұңқар ауылының ауылдық Мәдениет үйінде қазақтың көрнекті актрисасы, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері Меруерт Өтекешованың 75 жылдығына арналған тақырыптық кездесу өтті. Іс-шара барысында қатысушыларға актрисаның өмір жолы мен шығармашылық қызметі, отандық театр мен кино өнерінің дамуына қосқан үлесі туралы айтылды. Өсіресе, оның жарқын сахналық образдары мен қазақ өнерін насихаттаудағы рөліне ерекше назар аударылды.

Қатысушылар Меруерт Өтекешованың өмірбаянындағы қызықты деректермен танысып, оның таланты, мамандығына адалдығы және қазіргі жас буын өнерпаздарға тигізген ықпалы туралы пікір алмасты.

Меруерт Өтекешованың кино саласындағы жолы 1970 жылы түсірілген «Қыз Жібек» фильмінен басталды. Бүгінде сыншылардың түсірілімінің алғашқы кезеңінде оның табысына күмәнмен қарағанына сену қиын. Олар қалада өскен қыздың қазақы образға енуі оңай болмайды деп ойлаған. Алайда Меруерт өзінің нағыз Жібек екенін дәлелдеу үшін атқа шебер шабуды да үйренді.

## Ана десе...



тарихын тергеп, жөнін басқа жақтан іздеудің өзі ақылға сыя қоймаса керек. Бұрын айтыспен аты шыққан бір радикал топтың өкілі өткенде осы мейрам жөнінде теріс ақпарат таратып, көкіп отыр. Елді бұзып жүрген сол қулардың бәрі анадан туғанын ұмытқан. Жезөкшелер мейрамы деп тантиды. Ана қауғадай сақалы неткен жеккөрінішті, неткен ерсі еді. Егер сол сөзін өзінің анасы мен апа-қарындастары тындаса не күй кешеді? Біздің қазақ ислам өркениеті келмей тұрып-ақ әйел затын ерекше құрметтегенін балбал тастарынан-ақ көруге болады.

Әйел-аналарға қатысты аңыз әңгімелер көп ел аузында. Олардың қай-қайсы болсын халықтардың мыңжылдық өмір тәжірибесінен туындаған байланысты өрбиді. Өрідегі ұлы аналарымыздың кемеңгерлігі мен ерлігін айтпағанда, берідегі қазақ қыздарының ерлігінің өзі неге тұрады?! «Ерліктің қос қанаты деп білемін, Аяулы Әлия мен Мәншүгімді» деген әнді бала күнімізден жаттап өстік. Ұрыс даласына өздері сұранып

аттанған екеуі де оқуды енді бітірген 16-17-дегі қыз. Мәншүк тіптен жас, әкесі Ахмет – Алашордашы, ұлт азаттығы жолында тер төккен қайраткер. Жап-жас, бала Мәншүк әкесіне нақақтан жабылған «халық жауы» деген жаланы ақтап алу үшін соғысқа аттанған. Жазықсыз атылып кеткен атасының кінәсіз екенін біле тұра мұндай ерлікке қазақ қызы ұрпағының жүзі жарқын болсын деп барған. Заманы солай болғанда, басқа амалы жоқ еді. Өзімен қатар, өзінен кейінгі ұрпақты ақтау мақсатында майданға аттанған қазақ қызы осындай ертеңі ойлап туған. Одан беріде 1986 жылғы қазақ қыздарының қайсарлығы Олардың қай-қайсы болсын халықтардың мыңжылдық өмір тәжірибесінен туындаған байланысты өрбиді. Өрідегі ұлы аналарымыздың кемеңгерлігі мен ерлігін айтпағанда, берідегі қазақ қыздарының ерлігінің өзі неге тұрады?! «Ерліктің қос қанаты деп білемін, Аяулы Әлия мен Мәншүгімді» деген әнді бала күнімізден жаттап өстік. Ұрыс даласына өздері сұранып

Қазақ қызы, қазақ әйелі аялы

жар, отбасында отанасындай қастерлі ана, түзде елінің қорғаны, ержүректің өзі. Аналар туралы аңыздың бір шеті осындай ойға жетелегенде, еске бірден атақты Байғозы баһадүрдің қызы, Ақжолтай Ағыбай батырдың шешесі Қойсана анамыз түсер еді. Көп айтылып, көп жазылған, көкейден өшпейтін әңгіме. Қойсана анамыздың Ағыбайға жүкті кезі екен. Жаугершілік заманы, алашапқын арасында еркек атаулы елде жоқ, әйел, бала-шаға көшіп келе жатады. Тұтқиылдан алты қарақшы бейбіт көшке тиіп келіп береді. Сонда жалғыз Қойсана анамыз ұрыс қылып, бақанмен алтауын ұрып түсіреді. Жау бірін-бірі сүйеп, әйелдің аяғы ауырын білген соң: «Қойайық, бұл әйелдің күші емес, ішіндегі арыстанның күші ғой», деп жүріп кетіпті деседі.

Сонау замандардан аңыз болып көшкен қазақ әйелінің бойындағы осы ерлік пен қайсарлық әлі өшпегенін көреміз. Ол өшкірді аяғы ауырын бүгінде қазақ ұлты да болмаушы еді. Тәңірі жаратқан ұлтты сақтаушы, ұрпақты жалғастырушы аналар мерекесі құтты болсын!

Ерзат ЕРМАҒАМБЕТ

## Халықтың «Қыз Жібегі»



Уақыт өте келе Сұлтан Қожықов түсірген фильм отандық кино өнерінің классикасына айналды. Көрермендер жас актрисаның өз рөлін тамаша сомдағанын бірауыздан мойындады. «Қыз Жібек» фильмінің түсірілім алаңында актриса болашақ жары Құман Тастанбековпен танысты. «Қазақстан» кинотеатрында фильмінің тұсаукесері өткен күні басты рөлдерді сомдаған Меруерт Өтекешова мен Құман Тастанбеков өздерінің үйлену тойларын атап өтті.

Келесі жылы актриса Ғани Мұратбаев туралы «Бауырым менің» тарихи драмасына түсті. 1973 жылы Меруерт Өтекешова Құрманғазы атындағы өнер институтын тәмамдап, сол жылы

Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ академиялық драма театрының актрисасы атанды.

1970-80 жылдары ол кино саласында көп еңбек етті. Оның фильмографиясындағы танымал туындылар қатарында «Шоқан Уәлиханов» дилогиясы, «Айдаһар жылы», «Провинциалық роман» бар. 1994 жылғы «Аңшының отбасы» фильмінен кейін актрисаның кинокарьерасында үзіліс болды. Тек 14 жылдан соң ол «Махамбет» тарихи-қаһармандық драмасына түсті. Кейін «Арман қала» көп бөлімді фильмінде нейрохирург дәрігердің рөлін сомдады. Сондай-ақ «Жаным» отбасылық телехикаясында, «Бауырым менің», «Ұлдың оралуы», «Мүмкін емес балалар»,

«Провинциалық роман», «Ақ шаман» және басқа да бірқатар фильмдерде ойнады.

Актриса «Қырғызфильм», «Мосфильм», «Өзбекфильм» киностудияларының және басқа да студиялардың туындыларына қатысты.

Аталған іс-шара, ең алдымен, қатысушылардың дүниетанымын кеңейтіп, ұлттық мәдениетке деген құрметті арттыруға және Қазақстанның көрнекті өнер қайраткерлерінің есімін ұлықтауға ықпал етті.

Меруерт Өтекешованың 75 жылдығына арналған танымдық шара жоғары деңгейде өтті. Кездесу барысында қатысушылар актрисаның өнегелі өмір жолы мен шығармашылық жетістіктері туралы мол мағлұмат алып, қазақ өнерінің дамуына қосқан зор үлесін тереңірек таныды.

Шара жас ұрпаққа рухани тәрбие беріп, ұлттық құндылықтарды қастерлеуге, өнер адамдарының еңбегін бағалауға үндеді. Меруерт Өтекешованың сахна мен кинодағы жарқын бейнелері, адамгершілік қасиеті мен өнерге адалдығы көпшілікке үлгі екені атап өтілді.

Осындай тағылымды кездесулер алдағы уақытта да жалғасын тауып, ел мәдениетін насихаттауға және ұлт руханиятын дәріптеуге өз үлесін қоса береді деп сенеміз.

Меруерт БАЛКЕЕЕВА

# 15 НАУРЫЗ МАРТА РЕФЕРЕНДУМ

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!  
Важен голос каждого из нас!

ELECTION.GOV.KZ

## «ДАУЫС БЕРУГЕ АРНАЛҒАН БЮЛЛЕТЕНЬ»

2026 жылдың 15 наурызында «Жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында 2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» деген сауал бойынша республикалық референдум өтеді.

Референдумда әрбір қазақстандық жеке дауыс береді. Бюллетень жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде референдумда дауыс беруге құқылы азаматтар тізімі негізінде беріледі. Содан кейін Сіз бюллетенді алғаныңыз туралы тізімге қол қоясыз.

Бюллетень жасырын дауыс беруге арналған кабинада толтырылады. Бюллетеньде Сіз өзіңіз жақтап дауыс беретін жауап нұсқасының оң жағындағы бос шаршыға кез келген белгі қоясыз. Бюллетеньге қарындашпен белгі қоюға, сондай-ақ оған қандай да бір түзету енгізуге болмайды. Толтырылған бюллетенді дауыс беру жәшігіне саласыз. Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы

## «БЮЛЛЕТЕНЬ ДЛЯ ГОЛОСОВАНИЯ»

15 марта 2026 года состоится республиканский референдум по вопросу: «Принимаете ли Вы новую Конституцию Республики Казахстан, проект которой опубликован в средствах массовой информации 12 февраля 2026 года?».

На референдуме каждый казахстанец голосует лично. Бюллетень выдается на основании списка граждан, имеющих право голосовать на референдуме, при предъявлении документа, удостоверяющего личность. После этого Вы расписываетесь в списке в получении бюллетеня.

Бюллетень заполняется в кабине для тайного голосования. В бюллетене Вы ставите любую отметку в пустом квадрате справа от варианта ответа, за который голосуете. Не допускается проставление отметок в бюллетене карандашом, а также внесение в него каких бы то ни было исправлений. Заполненный бюллетень опускаете в урну для голосования. Важен голос каждого из нас!

Центральная комиссия референдума Республики Казахстан

## «ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУ КУӘЛІГІ»

2026 жылдың 15 наурызында республикалық референдум өтеді.

2026 жылғы 27 ақпаннан бастап Сізге өз учаскеңізде референдумға қатысуға құқылы азаматтардың тізімінде өзіңіз туралы деректерді тексеру мүмкіндігі берілетін болады.

Қандай да бір өзгерістер енгізу қажет болса Сіз дереу учаскелік референдум комиссиясына өтінішпен жүгіне аласыз. Егер азамат өзінің болатын жерін өзгертсе, ол 2026 жылғы 27 ақпаннан бастап, 14 наурыз күні сағат 18:00-ге дейін учаскелік референдум комиссиясына өтініштің негізінде есептен шығару куәлігін алуға құқылы. Есептен шығару куәлігін сенімхат негізінде алуға рұқсат етіледі.

Есептен шығару куәлігін ұсынған кезде учаскелік референдум комиссиясы дауыс беру күні азаматты оның болатын жері бойынша учаскедегі тізімге енгізеді. Бір елді мекеннің шегіндегі басқа учаскеде дауыс бергісі келетін азаматтарға есептен шығару куәлігі берілмейді.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы

## «ОТКРЕПИТЕЛЬНОЕ УДОСТОВЕРЕНИЕ»

15 марта 2026 года состоится республиканский референдум. С 27 февраля 2026 года на своём участке Вам будет предоставлена возможность проверить данные о себе в списке граждан, имеющих право на участие в референдуме.

При необходимости внести какие-либо изменения Вы сразу можете обратиться с заявлением в участковую комиссию референдума. В случае перемены гражданства места своего пребывания он вправе с 27 февраля 2026 года до 18 часов 14 марта 2026 года получить открепительное удостоверение на основании заявления в участковую комиссию референдума. Допускается получение открепительного удостоверения на основании доверенности.

При предъявлении открепительного удостоверения участковая комиссия референдума в день голосования включает гражданина в список на участке его пребывания. Открепительное удостоверение не выдаётся гражданину, желающим участвовать в голосовании на другом участке в пределах одного населённого пункта.

Важен голос каждого из нас!

Центральная комиссия референдума Республики Казахстан